

Есіл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 ақпандағы № 12/5 "Есіл ауданының елді мекендері аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 42/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 желтоқсанда № 6973 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Есіл аудандық мәслихатының "Есіл ауданының елді мекендері аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" 2017 жылғы 22 ақпандағы № 12/5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5860 тіркелген, 2017 жылғы 7 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Есіл ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы*

Г.Кәрімова

*Аудандық мәслихат
хатшысы*

С.Ағымбаева

"КЕЛІСІЛДІ"

*Есіл ауданының
әкімі*

Т.Ерсейітов

25 желтоқсан 2018 жыл

Есіл аудандық мәслихатының
2018 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 42/3 шешіміне
қосымша
Есіл аудандық мәслихатының
2017 жылғы 22 ақпандағы
№ 12/5 шешімімен
бекітілген

Есіл ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау

p/c №	Есіл ауданының елді мекенінің атауы	Есіл ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Есіл қаласы	85
2	Ақсай ауылы	89
3	Знаменка ауылы	98
4	Курское ауылы	87
5	Московское ауылы	60
6	Орловка ауылы	35
7	Раздольное ауылы	17
8	Свободное ауылы	94
9	Ярославка ауылы	23
Красногорский кенті		
10	Красногорский кенті	3
11	Калачи ауылы	20
12	Игілік ауылы	20
Бұзылық ауылдық округі		
13	Бұзылық ауылы	31
14	Сұрған ауылы	28
Двуречный ауылдық округі		
15	Приишимка ауылы	15
16	Двуречное ауылы	55
Жаныспай ауылдық округі		
17	Жаныспай ауылы	30
18	Ковыльное ауылы	38
Заречный ауылдық округі		
19	Заречное ауылы	107
20	Дальнее ауылы	14

Интернациональный ауылдық округі		
21	Интернациональное ауылы	18
22	Алматинское ауылы	9
23	Біртал ауылы	12
Қаракөл ауылдық округі		
24	Қаракөл ауылы	43
25	Речное ауылы	22
Красивинский ауылдық округі		
26	Красивое ауылы	51
27	Красивое станциясы	24
28	Құмай ауылы	8
29	Ленинское ауылы	14
Юбилейный ауылдық округі		
30	Юбилейное ауылы	54
31	Ейское ауылы	13

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ